



Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ  
Менеджмент кафедрасы

## ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРАМАСЫ

6В04103 – Экономика және мемлекеттік басқару білім беру бағдарламасы

Атырау, 2023



Бекітемін  
Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор  
А.Е. Чукуров  
« 21 » 01 2023 ж.

### ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B04103 – Экономика және мемлекеттік басқару білім беру бағдарламасы студенттері үшін

Бағдарлама білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері негізінде  
зерттелген (СМДЖ №025)

Құрастырушылар: п.ғ.к., қауымд. профессор м.а. Уталиева Р.С.  
аға оқытушы Дюсегалиева Б.М.

Менеджмент кафедрасының мәжілісінде ұсынылған  
Хаттама № 6 « 18 » 01 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі Уталиева Р.С.

Экономика және құқық факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған  
« 21 » 01 2023 ж. Хаттама № 5

ОӘК төрағасы Адиетова Э.М.

КЕЛІСІЛДІ  
Факультет деканы Адиетова Э.М. « 21 » 01 2023 ж.

ББАСАЖДКК басшысы Сулейменова Ж.О. « 30 » 01 2023 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған  
« 30 » 01 2023 ж. Хаттама № 3

#### 1. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты мен міндеттері

5B051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 6B04103 – Экономика және мемлекеттік басқару мамандықтары бойынша түлектерді қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты/жобаларды, кәсіби міндеттерді шешуге теориялық дайындықты анықтауға мүмкіндік беретін дайындық бағыты бойынша мемлекеттік емтиханды қамтиды.

Қорытынды аттестаттаудың мазмұнын ЖОО (факультет) белгілейді. Оның құрамына "Мемлекеттік басқару теориясы", "Мемлекеттік басқарудағы шешімдерді қабылдау", "Аймақтық экономика және басқару" оқу пәндері бойынша сұрақтар енгізіледі.

#### Қорытынды аттестаттаудың мақсаты:

6B04103 – Экономика және мемлекеттік басқару білім беру бағдарламасы бойынша оқитын түлектің мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелерде, коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдарда ұйымдастырушылық, талдамалық және жобалық қызмет үшін қазақстандық еңбек нарығында жоғары білікті басқарушыларды орындауға даярлық деңгейін белгілеу. Оқыту барысында осы бағдарламаның студенттері әлеуметтік-экономикалық және саяси процестерді талдау, негізделген басқару шешімдерін зерттеу дағдыларын игереді.

#### Қорытынды аттестаттаудың міндеттері:

-түлектің дербес ғылыми-зерттеу және оқытушылық жұмысқа дайындық деңгейін анықтау және оны бағалау;

-дербес ғылыми және педагогикалық қызмет дағдыларын дамыту, оқыту нәтижесінде алынған теориялық және практикалық дағдыларды жүйелеу.

Негізгі білім беру бағдарламаларын игеруді аяқтайтын мемлекеттік қорытынды аттестаттау білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттау болып табылады. 6B04103 – Экономика және мемлекеттік басқару ББ сәйкес "Мемлекеттік қорытынды аттестаттау" блогына қорғауға дайындықты және қорғау рәсімін қоса алғанда, бітіру біліктілік жұмысын дайындау, сондай-ақ мемлекеттік емтихан тапсыру кіреді. Мемлекеттік қорытынды аттестаттауды білім алушылардың негізгі білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелерінің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында мемлекеттік емтихан комиссиялары жүргізеді.

#### 2. Қорытынды аттестаттауға енгізілетін құзыреттіліктер

Қорытынды аттестаттау барысында білім алушы мынадай құзыреттердің қалыптасқанын көрсетуі тиіс:

- әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық процестерді ұйымдастыру және басқару жөніндегі мемлекет қызметінің қағидаттарына мемлекеттік саясат және бизнес саласындағы теориялық білім мен дағдыларды ашады;

- мемлекеттік деңгейде қоғам алдында туындайтын аса маңызды мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және іске асыру тетіктері;

- басқарушылық шешімдерді, оның ішінде мемлекеттік биліктің, мемлекеттік лауазымдарды алмастыратын субъектілердің мемлекеттік билік органдарының өкілеттіктерін орындауға бағытталған нормативтік актілерді зерттеу және іске асыру, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, ғылыми және білім беру ұйымдарының, саяси партиялардың, қоғамдық-саяси, коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру;

- қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік-экономикалық даму процестеріне реттеушілік әсер етудің әлеуметтік бағытталған шараларын зерттеуге қатысу;

- ұйымдар мен бөлімшелердің қызметін жоспарлау, мемлекеттік органдарда ұйымдық-басқару құрылымын қалыптастыру;

- мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар мен мекемелердің, ғылыми және білім беру ұйымдарының, саяси партиялардың, қоғамдық-саяси, коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдардың қызметін ұйымдастырушылық және әкімшілік қамтамасыз ету;

- басқару шешімдерінің сапасын бақылауды ұйымдастыру және әкімшілік процестерді жүзеге асыру;

- сыртқы ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;  
- басқару шешімдерін қабылдау мен жүзеге асыруға қоғамның қатысу механизмдерін әзірлеуге жәрдемдесу.

Дипломдық жұмыс (жоба):

- Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымды көрсету;

- Философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттанушылар мен психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, Әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның негізгі салаларындағы жағдайларға баға беру;

- тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түсу;

- әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтары толерантты қабылдай отырып, ұжымда жұмыс істеу қабілеті;

- өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті;

- өзін кәсіби қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды іздеу, талдау және пайдалану дағдыларын меңгеру;

- ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді табу қабілеті және олар үшін қабылданатын шешімдердің әлеуметтік маңыздылығы тұрғысынан жауап беруге дайындығы;

- ұйымдық құрылымдарды жобалау, ұйымдардың адам ресурстарын басқару стратегияларын әзірлеуге қатысу, іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру, жүзеге асырылатын іс-шараларға жеке жауапкершілікті ескере отырып, өкілеттіктерді бөлу және беру мүмкіндігі;

- іскерлік қарым-қатынасты және көпшілік алдында сөз сөйлеуді, келіссөздер жүргізуді, кездесулерді, іскерлік хат алмасуды және электрондық коммуникацияларды жүргізуді жүзеге асыру қабілеті;

- ұйымдардың өндірістік қызметін басқаруда шешім қабылдау әдістеріне нелік ету;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын ескере отырып, ақпараттық-библиографиялық мәдениет негізінде кәсіби қызметтің типтік міндеттерін шеше білу;

- қазіргі заманғы персоналды басқару технологиялары негізінде, оның ішінде мәдениетаралық ортада тұлғааралық, топтық және ұйымдық коммуникацияларды жобалау кезінде жағжалды жағдайларды шешудің әртүрлі тәсілдеріне не болу;

- бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған ұйымның стратегиясын стратегиялық талдау, әзірлеу және жүзеге асыру дағдыларын меңгеру.

**2.1. Әмбебап (базалық) құзыреттіліктер (ӘҚ):**  
Әмбебап (базалық құзыреттілік) – маманның әмбебап, зияткерлік, коммуникативтік, эмоционалды және еріккүштік қасиеттерге (білім, дағдылар, қасиеттер мен қабілеттер) негізделген кәсіби міндеттер жинағын шешу қабілеті.

- абстрактілі ойлауға, талдауға, синтездеуге қабілетті (ӘҚ-1);

- стандартты емес жағдайларда әрекет етуге, қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті көтеруге дайын (ӘҚ-2);

- өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға, шығармашылық әлеуетті пайдалануға дайын (ӘҚ-3);

**2.2. Жалпыкәсіптік құзыреттер (ЖҚК):**  
Жалпы кәсіби құзыреттілік-маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ықпалдастырылған білім, дағдылар мен тәжірибе, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жинағын шешу қабілеті.

- кәсіби қызметті талдау, жоспарлау және ұйымдастыру қабілеті (ЖҚК-1);

- кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешу үшін орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға дайын болу (ЖҚК-2);

### 2.3. Кәсіптік құзыреттер (КҚ):

Кәсіби құзыреттілік – маманның нақты білім, білік, дағды негізінде таңдалған қызмет саласындағы кәсіби міндеттер жинағын шешу қабілеті.

- персоналды басқару технологияларын меңгеру, қойылған міндеттерді шешу үшін командаларды қалыптастыру дағдылары мен дайындығына не болу (КҚ-1);

- ұйымдастырушылық қабілеттерге не болу, ұйымдастырушылық басқару шешімдерін табу және қабылдау қабілеті, оның ішінде дағдарыстық жағдайларда (КҚ-2);

- жария билік органының жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, жария билік органы қызметінің стратегиясына, максаттары мен міндеттеріне, ішкі және сыртқы жағдайларына барабар ұйымдық құрылымды әзірлеу, функцияларды, өкілеттіктер мен жауапкершілікті орындаушылар арасында бөлуді жүзеге асыру қабілеті (КҚ-3);

- мемлекеттік басқару саласында талдау және жоспарлау қабілетіне не болу (КҚ-4);

### 3. Қорытынды аттестаттау көлемі, құрылымы және мазмұны

Университетте қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау немесе кешенді емтиханды тапсыру түрінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттау кешенінде 12 академиялық кредитті құрайды. ҚА ұзақтығы – 6 апта.

Білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау мыналарды қамтиды:  
- дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау;  
- кешенді емтихан тапсыруға дайындық және тапсыру.

### 3.1 Кешенді емтихан

Кешенді емтиханның мақсаты – түлектің кәсіби дайындық деңгейін және оның кәсіби қызметі саласындағы практикалық мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтау.

Кешенді емтихан алдында білім алушыларға қорытынды аттестаттауға шығарылатын мәселелер бойынша кеңес беру жүргізіледі. Емтихан материалдарын Экономика және құқық факультетінің Ғылыми кеңесі бекітеді. Емтихан билеттеріне факультет деканы және кафедра меңгерушісі қол қояды.

Мемлекеттік емтихан билеттер бойынша ауызша нысанда, аттестаттау комиссиясының ашық отырысында өткізіледі. Ауызша түрде жауап беруге дайындық кезінде студенттер емтихан комиссиясының хатшысы берген факультет мөртаңбасы бар қағаз парақтарына әр сұрақ бойынша қажетті жазбалар жасайды. Жауапқа дайындалуға бірінші студентке 1 сағат беріледі, қалған студенттер кезектілік тәртібімен жауап береді. Емтихан билетінің сұрақтарына білім алушы көпшілік алдында жауап береді. АҚ мүшелері білім алушының мемлекеттік емтихан бағдарламасынан тыс қаралатын тақырыптар бойынша білім тереңдігін анықтау мақсатында қосымша сұрақтар қоюға құқылы. Емтихан билетінің сұрақтарына ауызша жауап беру ұзақтығы 30 минуттан аспауы тиіс.

Емтиханға жауапқа дайындық барысында осы қорытынды аттестаттау бағдарламасын және осы бағдарламаның 3.3-тармағында көрсетілген әдебиеттерді пайдалануға рұқсат етіледі.

### 3.2 Кешенді емтиханға шығарылатын сұрақтары бар пәндер тізбесі

Пән бойынша қорытынды аттестаттаудың үлгі тақырыбы  
«Аймақтық экономика және басқару»

1. Аймақтық ғылым және ондағы аймақтық экономиканың орны
2. Аймақтық экономика теорияларының дамуының заманауи бағыттары
3. Аймақтық еңбек бөлінісінің түрлері және деңгейлері
4. Аймақтық салалық және аумақтық құрылымы
5. Аймақтық әлеуетінің негізгі құрамдас бөліктері
6. Өндіргіш күштерді орналастырудың заңдылықтары, қағдалары және факторлары
7. Аймақтық даму негіздерінің макроэкономикалық сипаттамасы
8. Қазақстан Республикасындағы аймақтық басқарудың ерекшеліктері
9. Аймақтық еңбек бөлінісінің түрлері және деңгейлері

10. Аумақтық еңбек бөлінісін ұйымдастыру нысандары
11. Аймақтың салалық және аумақтық құрылымы. Аймақтардың салалық байланыстары
12. Аймақтық ұдайы өндіру процесінің ұғымы және мәні. Ұдайы өндірістің аймақтық айырмашылықтары.
13. Аймақтық орталықпен, басқа аймақтармен және қалған сыртқы әлеммен экономикалық байланыстары.
14. Экономикалық қатынастардың негізгі нысандары: сауда, қаржылық.
15. Аймақтық меншіктің қызмет ету проблемалары
16. Аймақ экономикасы ашықтығының көрсеткіштері - әкелу, шығару, тауар алмасу коэффициенттері
17. Аймақ экономикасының салалық құрылымын мамандану, жергіліктену керсеткіштері бойынша талдау.
18. Аймақтық әлеуметтік - экономикалық дамуының индикаторлары.
19. Аймақтық тенсіздіктердің объективті негіздері және аймақтардың, дамуын мемлекеттік реттеу қажеттігі.
20. Аймақтық менеджментке әсер ететін ішкі және сыртқы орта факторлары.
21. Аймақтық менеджменттегі жаңа тенденциялар.
22. Аймақтық бағдарламалардың теориясы мен тәжірибесі.
23. Аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу қажеттілігі
24. Аймақтық деңгейдегі салықтық, несиелік, инвестициялық және бағалық саясат
25. Әлем елдеріндегі аймақтық экономикадағы мәселелері: жалпы және ерекше
26. Аймақтық дамудың басқару жүйесін құрудың әдістемелік негіздері
27. Аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау-болжаудың негізгі әдістемелік бағыттары
28. Аймақтық орталықпен, басқа аймақтармен және қалған сыртқы әлеммен экономикалық байланыстары.
29. Бюджеттік жүйе және бюджетаралық қатынастар - аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің маңызды мәселелері
30. Аймақтық бағдарламалар құрылымы мен мазмұны, экономикалық және әлеуметтік тиімділігі

Пән бойынша қорытынды аттестаттаудың үлгі тақырыбы  
**«Мемлекеттік басқару теориясы»**

1. Басқару және оның қоғамдағы ролі.
2. Қоғамдағы мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару механизмдерінің дамуы.
3. Мемлекеттік басқару қағидаларын жүйелеу негіздері және олардың қолданылуы.
4. Мемлекеттік басқару стилінің элементтері мен өзіне тән белгілері.
5. Мемлекеттік басқарудың эволюциясы мен басқару мектептері.
6. Қоғамдағы мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару механизмдерінің дамуы.
7. Басқарушылық қызмет белгілері, нысандары мен кезеңдері
8. Басқару үрдісінде ескерілетін табиғат пен қоғам заңдары.
9. Басқарушылық қызмет стилінің мемлекеттік басқарудағы жауапкершілікпен өзара байланысы және оны жетілдіру қажеттілігі.
10. Басқарудағы дамудың әлеуметтік-экономикалық заңдарының механизмі.
11. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жауапкершілік және оның заңдық-құқтық астары.
12. Мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік деңгейінің басқарушылық қызметті бөлу мен рәсімдеуге тәуелділігі.
13. Мемлекеттік басқарудың құрылымдық жүйелі-мақсаттық моделі.
14. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесінің түсінігі, біртұтастығы және олардың түрлері.
15. Мемлекеттік басқару нәтижелерін талдау әдістемесі және оларды бағалау.

16. Жалпы мемлекеттік және аймақтық деңгейлердегі басқарушылық қызмет тиімділігінің экономикалық астары.
17. Заң шығарушы билік пен оның органдарының мемлекеттік басқарудағы ролі.
18. Мемлекеттік басқарудың жалпы әлеуметтік тиімділігін бағалаудың мәні мен шарттары.
19. Парламент құрамы мен құрылымы.
20. Мемлекеттік басқару субъектілерін және экономиканы басқару органдарын ұйымдастыру мен қызмет етуінің тиімділігі.
21. Парламенттің өкілеттілігі және жұмыс істеу механизмдері.
22. Мемлекеттік аппарат және оның құрылымы.
23. Сот билігінің түсінігі және оның қоғамдағы ролі.
24. Өкілеттіліктерді шектеу.
25. Мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың әлеуметтік механизмі.
26. Мемлекеттік және аймақтық басқару органдарының өзара әрекеттесуі.
27. Мемлекеттік қызметкерлердің құқтық мәртебесі және жіктеу негіздері.
28. Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік құқтары мен міндеттері.
29. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік жүйесінің біртұтастығы.
30. Мемлекеттік басқарудың функциялар жүйесі, нысандары, әдістері мен құралдары.

Пән бойынша қорытынды аттестаттаудың үлгі тақырыбы  
**«Мемлекеттік басқарудағы шешімдерді қабылдау»**

1. Қоғамды басқару үдерісіндегі мемлекеттік шешімдердің орны
2. Шешім қабылдау процесіне әсер ететін факторлар.
3. Мемлекеттік басқару шешімдерінің түлғалары.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік шешімдер қабылдау тәртібі.
5. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі шешім қабылдау тетіктері
6. Мемлекеттік басқарудағы шешімдер қабылдау нысандары.
7. Шешім қабылдау субъектісі ретінде мемлекеттің ерекшелігі.
8. Мемлекеттік шешім қабылдаудың саяси параметрі.
9. Мемлекеттік шешімнің әкімшілік сипаты.
10. Мемлекеттік шешімдердің мақсаттарын әзірлеу кезеңі.
11. Мемлекеттік шешімдер қабылдаудың дайындық кезеңіндегі шаралар.
12. Мемлекеттік шешімдер қабылдауды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету.
13. Мемлекеттік шешімдер қабылдаудағы қосбасшылықтың негізгі белгілері.
14. Басқарушылық шешімдердің орындалуын бақылау түрлері.
15. Атқарушы органдар қабылдайтын мемлекеттік шешімдермен реттелетін функциялар және осы шешімдерді қабылдауға бастамашылық ету ерекшеліктері
16. Атқарушы биліктің мемлекеттік органдарында мемлекеттік шешімдер қабылдау ерекшеліктері.
17. Мемлекеттік басқарудың негізгі ерекшеліктері және олардың басқару шешімдерін қабылдау механизміне әсері.
18. Әзірленген мемлекеттік шешімге қойылатын негізгі талаптар және оны орындау шарттары.
19. Мемлекеттік шешімдерді қабылдау және орындау процесінің көп деңгейлі сипаты.
20. Басқару процесінде проблеманың пайда болуын сипаттайтын негізгі белгілер.
21. Мемлекеттік шешімдерді іске асыру процесінде жоспарлаудың орны.
22. Мемлекеттік шешімдердің орындалуын мемлекеттік бақылау.
23. Мемлекеттік шешімдер қабылдаудағы тәуекел түрлері.
24. Мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді бақылау және басқару.
25. Мемлекеттік шешімдердің орындалуын қоғамдық бақылау.
26. Саяси қатығыстардың құрылымы мен негізгі формалары.
27. Қатығыстарды басқару және бақылаудың мәні.

28. Жағалдарды реттеу және шешу кезеңдері.
29. Мемлекеттік шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде өз мүдделері бар және олардың осы шешімді қабылдауға ықпалы бар тараптар.
30. Мемлекеттік шешім қабылдаушы адамның және осы мүдделерге ықпал ететін жақын ортадағы адамдардың негізгі мүдделері.

### 3.3 Кешенді емтиханда пайдалануға рұқсат етілген әдебиеттер тізімі

1. Гражданский Кодекс Республики Казахстан.- Алматы, 2016
2. Новые гуманитарные науки. 100 новых учебников казахского языка. Дональд Ф. Куратко., Предпринимательство, теория, процесс, практика.- Астана, 2018 год
3. Дүйсенханов Е.С., Щеглов С.А., Хавин Д., Сейтенова А.А. Электрондық оқулық. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері. Алматы: «Көкжиек - Горизонт», 2019ж.
4. Орешин В.П. Региональная экономика. Учебное пособие. – Риор, Инфра-М., 2017г.
5. Бузов М.П. Региональная экономика и управление развитием территорий. Учебное пособие. – Изд-во Дашков –К., 2017г.
6. Мырзақелді Кемел Мемлекет және кәсіпкерлік. Оқулық /Астана, 2014ж
7. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017г – Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность// Егеменді Қазақстан.- 2017г.- 31 қаңтар
8. Мырзақелді Кемел Экономиканы мемлекеттік реттеу. Оқулық/ Астана, 2016ж
9. Мырзақелді Кемел Управление персоналом в государственной службе (учебное пособие). Алматы, «Экономика», 2015, 244 с
10. Баринов В.А. Бизнес жоспарлау: Оқу құралы/-М: Форум, 2013-256с
11. Лосев В. Бизнес – жоспарды қалай құру керек: әр түрлі салалар үшін дайын бизнес-жоспарлар мысалдарымен практикалық басшылық: ағылш./В.Лосев –М.: Вильямс, 2013 – 208с
12. Нысанбаев С.Н. Коммерциялық кәсіпкерлік негіздері. – Алматы: Қазақ Университеті, – 2013ж
13. Уваров В.Н. Теория государственного управления. Часть I: методологические основы государственного управления. Алматы: КазГЮА, 2018
14. Основы организации местного управления и самоуправления: учебное пособие / Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза; М.К. Жетписбаева, А.А. Мусатаева, Г.И. Гимранова. - Караганда: КЭУК, 2018.
15. Спанова Б.К. Теория государственного управления: Учебное пособие, Караганда - КЭУК, 2014 г. 198 с. 9.
16. Осейчук В. Теория государственного управления. Учебник и практикум- М.: Юрайт, 2016. – 344 с. 10.
17. Чиркин В.Е. Основы государственного и муниципального управления: Учебник. – Норма, Инфра-М, 2016. -384 с.
18. Захаров Н. Система государственного и муниципального управления, –М.: Инфра-М, 2016. - 288 с
19. Қиначева Ж.Б. Мемлекеттік басқару теориясы : оқу құралы.- Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012.-160 бет.
20. Нұрышева Т.С. Мемлекеттік басқарудың теориясы және практикасы. Оқу құралы. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2013. – 171 б.
21. Конституция Республики Казахстан // ИПС «Адилет» (09.01.2014)
22. О государственной службе: Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 г. // ИПС «Адилет» (09.01.2014)

### 3.4 Кешенді емтиханда дайындық бойынша білім алушыларға ұсыныстар

#### “Аймақтық экономика және басқару” пәні

«Аймақтық экономика және басқару» оқу пәні «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенттеріне арналған. Бұл пән арнайы пәндер циклінің бөлігі болып табылады, оларды оқу муниципалды басқару қызметін ұйымдастыру бойынша мамандарды дайындауға негіз болады. Аймақтық экономика – экономикалық ғылымның маңызды салаларының бірі.

Оның білімінің негізгі объектісі халық шаруашылығы қатынастарының біртұтас жүйесіндегі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы болып табылады. Экономиканы реформалау және оны одан әрі тұрақтандыру және тұрақты дамыту белгілі бір аймақтық факторлар мен жағдайлармен және Қазақстанның нақты мемлекеттік құрылымымен, аймақтардың климаттық, географиялық, демографиялық жағдайларының күрт айырмашылығымен, олардың өсу бірқелкі еместігімен тығыз байланысты. Әлеуметтік-экономикалық даму Қазақстан Республикасының әрбір аймағының ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігін объективті түрде анықтайды, олардың дамуы мен қызмет етуіне ұтымды көзқарасты айқындайды, мемлекеттің және оның жекелеген аумақтарының мүдделерін үйлестіру жолдарын іздейді.

#### Оқу пәнін оқу міндеттері

- мемлекеттің экономикалық саясатында аймақтарды дамытудың объективті нақты шарттарын ескерудің маңыздылығы туралы терең түсінік қалыптастыру;
- тұтастай алғанда ұлттық экономиканың және оның құрамдас бөліктері ретіндегі аймақтардың дамуының объективті өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы көзқарасты қалыптастыру;
- экономиканы және әкімшілік-аумақтық қайта құрулардың әлеуметтік саласын реттеу мен басқарудың тұтас жүйесін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері мен әдіснамалық тәсілдері туралы түсінік беру;
- аймақтық деңгейде экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың жағдайы, бар проблемалары мен перспективалары туралы тұтас көзқарас алу;
- мемлекеттің экономикалық саясатында нақты аумақтардың аймақтық мүдделерін жүзеге асырудың ұтымды жолдары мен тетіктерін іздеуге тікелей назар аудару.

Осы пәнді игеру барысында студент келесі кәсіби құзыреттерді қалыптастырады және көрсетеді:

#### Білу

- «Аймақтық экономика және басқару» курсының негізгі ұғымдары мен терминологиялық аппаратын;
- аймақтық жүйелердің негізгі макроэкономикалық және микроэкономикалық көрсеткіштерін талдаудың теориялық және практикалық негіздерін;
- аймақтық экономикалық саясаттың принциптері және оны жүзеге асыру механизмдері туралы түсініктері болуы;
- әртүрлі концепцияларды, теориялар мен әдістерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының өңірлік дамуын қалыптастырудың негізгі сценарийлік болжамдары туралы ақпаратқа ие болуы;
- Қазақстанның аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, экономикалық теория, статистика және өндіріс күштердің дамуы саласындағы білімдерін нақтылау.

#### Игеру

- аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму саясатының тиімділігін бағалау;
- аймақ дамуының жекелеген аспектілерінің тиімділігінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау;
- аймақтық дамуының тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау;
- аймақты дамытудың инновациялық бағыттарын және оларды жүзеге асыруды қаржыландыру жолдарын анықтау.

#### Дағдыларды меңгеру

- экономикалық зерттеулердің әдістемесі;  
- экономикалық және әлеуметтік мәліметтерді жинау, оңдеу және талдаудың заманауи әдістерін;  
- стандартты теориялық модельдерді пайдалана отырып, экономикалық құбылыстар мен процестерді талдау әдістері мен тәсілдерін;  
- мезо және макродеңгейлердегі экономикалық процестер мен құбылыстарды сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың заманауи әдістері.  
Курсты оқыту әдістемесі оның мақсаты мен міндеттерімен анықталады. Тапсырмаларды орындау студенттердің лекциялық және практикалық сабақтарын біріктіру арқылы, дәрістер мен оқытудың белсенді әдістерін (жеке тапсырмалар, семинарлар, диспуттар және т.б.) біріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

#### **Пәннің мазмұны**

**Аймақтық экономика және басқару пәні.**

#### **Аймақтардың түсінігі және типологиясы**

Аймақтық экономиканы зерттеудің негізгі ұғымдары, пәні және мәселелері. Аймақтық бөлініс. Шаруашылықтың аймақтық ұйымдастырылуын талдау үшін қолданылатын әдістер. Экономикалық кеңістік: түсінігі және құрылымы. Шаруашылық пен елді мекенді кеңістіктік ұйымдастыру формалары. Бірыңғай экономикалық кеңістік

#### **Аймақтық экономика мен менеджменттің теориялық негіздері**

Ауыл шаруашылығы туысқан теориясы Дж.Тюнен, В.Лаунхардттың өнеркәсіптік кәсіпорының рационалды стандарты

#### **Аймақ экономиканы басқару және басқару объектісі ретінде**

Аймақ ұлттық экономиканың ішкі жүйесі ретінде. Аймақтың стратегиялық мақсаттары. Аймақтағы ұрпақты болу процесінің ұйымдастырылу ерекшеліктері

#### **Облыстың экономикалық әлеуеті және оны бағалау**

Атырау облысының мысалында облыстың экономикалық әлеуеті. Өндіргіш күштерді болу заңдылықтары, принциптері және факторлары

#### **Аймақ макроэкономикалық талдау объектісі ретінде**

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау. Әлеуметтік-экономикалық даму бойынша аймақтардың рейтингін қалыптастыру

#### **Қазақстан Республикасы аймақтарының экономикасының тарихи-географиялық сипаттамасы**

Қазақстан Республикасы аймақтарының экономикасының тарихи сипаттамасы. Қазақстан Республикасы аймақтарының экономикасының географиялық сипаттамасы.

#### **Аймақтық дамуы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі мен мәні**

Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі мен мәні. Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі нысандары

#### **Аймақтық басқару жүйесін қалыптастыру.**

Аймақтық басқару. Аймақтық саясаттың мақсаты, міндеттері, принциптері мен басымдықтары. Қазақстан Республикасының аймақтық саясатының негізгі бағыттары.

#### **Облыс экономикасының дамуын жоспарлау және болжау**

Аймақ экономикасының дамуын жоспарлау. Облыс экономикасының дамуын болжау. Аймақтық бағдарламалар. Мақсатты аймақтық бағдарламалар. Облысты дамытудың республикалық мақсатты бағдарламалары

#### **Арнайы экономикалық аймақтар аймақтық саясаттың құралы ретінде**

Арнайы экономикалық аймақтарды құрудың мақсаттары. Арнайы экономикалық аймақтардың түрлері. Арнайы экономикалық аймақтарды құрудың шарттары. АЭА жұмыс істеу механизмі. Технополистер мен технопарктер

#### **Аймақтық саясатты жүзеге асырудың экономикалық механизмдері**

Аймақтық экономикалық саясаттың мақсаттары. Облыстық бюджеттер және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі. Шоғырландырылған қаржылық баланс

#### **Аймақтық дамуы мемлекеттік реттеудің әлемдік тәжірибесі**

Аймақтық дамуы мемлекеттік реттеудің әлемдік тәжірибесі

#### **"Мемлекеттік басқару теориясы" пәні**

Мемлекеттік басқару теориясы курсы экономикалық білім берудің маңызды пәндерінің бірі, "мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандығы үшін бейімдік пәні болып табылады.

Мемлекеттік басқару - бұл тек іс-әрекет, құбылыстар мен процестер ғана емес, сонымен қатар ғылым, білімнің синтезделген саласы, сонымен қатар оқу курсы. Білім саласы ретінде ол мемлекеттік басқару институттарын, органдарын, құбылыстарын, тәсілдерін, процестерін зерттейді, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдайды (оның ішінде шет мемлекеттермен салыстырмалы түрде), даму тенденциялары мен перспективаларын аңады, мемлекеттік басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді. Студенттер курсты оқып жатқан кезде басқару кәсіргі жағдайда мемлекеттік басқарудың тұжырымдамалық негіздерін қалыптастырудың маңызды функциясы деген ойға енуі керек. Біз олардың белгілі бір құрылымын сақтауды, қызмет режимін сақтауды, олардың бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік пен қазақстандық демократияны одан әрі нығайту туралы айтып отырмыз. Студенттер мемлекеттік аппаратта кәсіби жұмыс істеу үшін қажетті мемлекеттік басқару саласындағы білімнің тұтас жүйесін меңгеруі тиіс.

#### **Оқу пәнін оқу міндеттері:**

- басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, басқару жүйесінің компоненттерінің қасиеттерін оның тұтастығы тұрғысынан таныстыру,
- басқару жүйесіндегі принциптерді, әдістерді, функциялар мен құралдарды тереңдету;
- пәнінің тұжырымдамалық аппаратын меңгеру және басқару жүйелерін ұйымдастыру;
- нарықтық экономика жағдайында басқарушылық шешімдерді әзірлеу, қабылдау және іске асыру дағдыларын игеру, ұйымды басқару жүйесін жобалау мен іске асыруды дамыту.

Осы пәнді игеру барысында студент келесі кәсіби құзыреттерді қалыптастырады және көрсетеді:

#### **Білу**

